ОТЗЫВ

зарубежного научного консультанта на диссертацию докторанта Касымбек А.О. представленной на соискание степени доктора философии (PhD) по специальности «6D030100-Юриспруденция на тему: «Роль Парламента Республики Казахстан в обеспечении верховенства права и формировании сильного государства».

Диссертационное исследование, проведённое докторантом ВШП «АДИЛЕТ» Каспийского Общественного университета Касымбек А.О. посвящено актуальным проблемам совершенствования в Казахстане правового статуса Парламента и повышению его роли в обеспечении верховенства права.

Актуальность обозначенной темы исследования не вызывает сомнений. В Казахстане в ходе конституционных реформ 2022 года был взят курс на дальнейшую демократизацию политической системы, краеугольным камнем которых стало сокращение президентских полномочий и расширение полномочий представительной власти.

Глава государства Республики Казахстана Касым-Жомарт Токаев, чётко обозначил новые векторы развития страны, которая впредь должна опираться на формулу "сильный президент – влиятельный парламент – подотчетное правительство".

В этой конструкции, безусловно, особая роль отводится Парламенту, главная задача которого состоит в законодательном обеспечении конституционных реформ, придание новым нормам Конституции реальной правовой жизни. Именно на Парламент ложится ответственность по обновлению действующего конституционного и иного законодательства.

Вместе с тем дальнейшая модернизация правовой системы и механизма государственной власти в частности невозможны без согласованного функционирования всех ветвей государственной власти. И во многом судьба казахстанского парламентаризма в дальнейшем будет определяться факторами политической борьбы, ростом политической культуры и становлением реальной многопартийности в стране.

Диссертантка в своём исследовании достаточно полно обосновывает актуальность темы диссертационной работы; анализирует степень ее научной разработанности; предметно определяет цель, задачи и методологические основы исследования.

В соответствии с поставленной целью в диссертационном исследовании были определены теоретико-правовые и аксиологические аспекты доктрины верховенства права, показаны ее генезис и соотношение с доктриной верховенства закона; рассмотрена их роль в конституционализации идей

правового государства, в обеспечении общественных интересов и в построении сильного правового государства.

В работе показано, как доктрина парламентского суверенитета влияет на процесс обеспечения принципа верховенства права при рассмотрении законов и реализации компетенции парламента.

Важное место в работе отводится конституционным реформам 2022 года и их влиянию на процесс дальнейшего утверждения парламентаризма в Республике Казахстан и обеспечении верховенства права.

Данный анализ проводится не только на основе собственных научных изысканий, но и с применением метода сравнительного исследования. В этом отношении, в работе представлен анализ зарубежных стран, приведены научные подходы как казахстанских, так и зарубежных исследователей.

Примечательно также, что автор с критически позиций изучает некоторые подходы учёных, высказывает свое субъективное мнение в отношении законодательных пробелов, формулирует ряд новых и частично обновлённых предложений, направленных на повышение эффективности Парламента и его Палат, анализирует конституционное законодательство, предлагает ряд конкретных мер по улучшению форм парламентского контроля, качеству парламентских процедур, а также конституционных механизмов взаимодейсвия Президента. Парламента, Правительства и Конституционного Суда в ходе законодательного процесса.

Именно поэтому ряд предложений затрагивают не только статус Парламента, но и полномочий названных органов власти, как участников законотворческого процесса. Такой подход позволил диссертантке обосновать вывод о том, что верховенство права, является важнейшим принципом и фундаментальной основой построения сильного правового государства и реализации идей конституционализма, институциолизация которого невозможна без вовлеченности в этот процесс всех органов государственной власти, политических партий и институтов гражданского общества.

В работе сделан вывод, что доктрина парламентского суверенитета, имея динамичный характер отражает множество факторов как политико-правового, так и культурного характера, а полноценное обеспечение принципа народного (парламентского) суверенитета требует формирования более эффективных механизмов его реализации.

Примечательно также, что в диссертации процесс становления парламентаризма в Казахстане рассматривается через призму политико-правового процесса, направленного на дальнейшее совершенствование конституционно-правовых механизмов взаимодействия Парламента с Президентом, Правительством и органом конституционного контроля.

По мнению диссертантки в ближайшей перспективе, данный механизм должен охватывать следующие зоны конституционного регулирования: 1) в направлении корректировки формы правления; 2) в направлении расширения субъектного состава участников конституционного контроля, с вовлечением в этот процесс политических партий, депутатских фракций и групп, а также Уполномоченного по правам человека; 3) в направлении дальнейшего

совершенствования партийного и избирательного законодательства, с закреплением правовых гарантий интересов парламентского меньшинства как важнейшего института современного парламентаризма и системы демократического правления.

В работе, на основе анализа различных научных подходов к понятию «парламентский контроль» данный институт рассматривается составной частью современного конституционализма и необходимым условием построения сильного правового государства.

На основе изучения дефиниции парламентского контроля диссертант приходит к следующему выводу: во-первых; парламентский контроль характеризуется дуализмом, имеет политико-правовую природу, выступает неотъемлемой частью обеспечения верховенства права и системы сдержек и противовесов; во-вторых, его становление связано с эволюционным (поэтапным) процессом, отражающим уровень правовой и политической культуры казахстанского общества и степень восприимчивости социумом ценностей современного конституционализма; и, в-третьих; эффективность форм парламентского контроля связаны с отсутствием реальной многопартийности и конструктивной парламентской оппозиции, а также слабым уровнем политической воли в государстве в отношении заимствования (рецепции) наиболее эффективных парламентских процедур. В работе сделаны и другие новые научные выводы, изложенные в приложениях к работе и заслуживающие самого внимательного изучения как теоретиками права, так и практическими работниками.

Таким образом, актуальность и научная новизна выводов и предложений, подготовленных Касымбек А.О. представляет не только научный интерес, но и имеет практическое значение для науки парламентского права.

Достаточна полно проведена и апробация результатов исследования.

Результаты научного исследования были опубликованы в открытой печати в виде статей в журналах, рекомендуемых Комитетом по контролю в сфере образования и науки Министерства образования и науки Республики Казахстан: Наука и жизнь Казахстана. Международный научный журнал. -№1 (75) -2019. – С.175-177; Наука и жизнь Казахстана. Международный научный журнал №1 (75) -2019. -169-175 б.; Наука и жизнь Казахстана. Международный научный журнал. -№11/3, -2020. -С. 96-102.

В международном научном издании, входящем в базу данных SCOPUS: Rivista di Studi sulla Sostenibilitathis link is disabled, 2019, 2019(2), стр. 29–52 (прцентиль – 84); Journal of Legal, Ethical and Regulatory Issuesthis link is disabled, 2019, 22(4), стр. 1–16 (процентиль – 29). Также отдельные положения диссертационного исследования отражены в докладах автора на двух международных научно-практических конференциях.

Следует отметить, что диссертация носит самостоятельный характер, по своей структуре она логически взаимосвязана, обладает внутренним единством, содержит новые научные результаты и положения, выдвигаемые для

публичной защиты, и свидетельствует о личном вкладе автора в науку конституционного и парламентского права.

Соискатель докторской степени А.О. Касымбек в полном объеме владеет навыками самостоятельно формулировать и решать новые и достаточно сложные задачи по теме исследования. Работая над темой исследования, она показала себя дисциплинированным и перспективным научным работником, обладающим организаторскими и исследовательскими способностями.

Таким образом, считаю, что диссертационная работа А.О. Касымбек представленная на соискание степени доктора философии (PhD) по специальности «6D030100-Юриспруденция» на тему: «Роль Парламента Республики Казахстан в обеспечении верховенства права и формировании сильного государства» соответствует установленным требованиям для написания диссертации в Казахстане и может быть рекомендована к обсуждению на кафедре Каспийского общественного университета с последующей защитой в диссертационном совете Республики Казахстан.

Зарубежный научный консультант:
Профессор кафедры международного права и прав человека
Ташкентского государственного юридического университета

Мухамеджанов Амонулла Зокирович _____

«20» 12 2023 год

«6D030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Қасымбек Әлия Орынбасарқызының «Қазақстан Республикасының Парламентінің құқық үстемдігін қамтамасыз етудегі және күшті мемлекетті қалыптастырудағы рөлі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысқа шетелдік ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Каспий қоғамдық университетінің "Әділет" ЖҚМ докторанты А.О. Қасымбек жүргізген диссертациялық зерттеу Қазақстанда Парламенттің құқықтық мәртебесін жетілдірудің және оның құқық үстемдігін қамтамасыз етудегі рөлін арттырудың өзекті мәселелеріне арналған.

Аталған зерттеу тақырыбының өзектілігі күмән тудырмайды. Қазақстанда 2022 жылғы конституциялық реформалар барысында саяси жүйені одан әрі демократияландыруға бағыт алынды, оның негізі президенттік өкілеттіктерді қысқарту және өкілді билік өкілеттіктерін кеңейту болды.

ҚР мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұдан былай "Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет" формуласына сүйенуі тиіс елдің дамуының жаңа бағыттарын нақты атап өтті.

Бұл құрылымда, әрине, Парламентке ерекше рөл беріледі, оның басты міндеті конституциялық реформаларды заңнамалық қамтамасыз ету, Конституцияның жаңа нормаларына шынайы құқықтық өмір беру болып табылады. Қолданыстағы конституциялық және өзге де заңнаманы жаңарту бойынша жауапкершілік нақ осы Парламентке жүктеледі.

Сонымен бірге, құқықтық жүйе мен мемлекеттік биліктің механизмін одан әрі жаңғырту, атап айтқанда, мемлекеттік биліктің барлық тармақтарының келісілген жұмыс істеуінсіз мүмкін емес. Көп жағдайда қазақстандық парламентаризмнің тағдыры саяси күрес факторларымен, саяси мәдениеттің өсуімен және елдегі нақты көппартиялылықтың қалыптасуымен айқындалатын болады.

Диссертант өз зерттеуінде диссертация тақырыбының өзектілігін толық негіздейді; оның ғылыми даму дәрежесін талдайды; зерттеудің мақсатын, міндеттерін және әдіснамалық негіздерін анықтайды.

Қойылған мақсатқа сәйкес диссертациялық зерттеуде құқық үстемдігі доктринасының теориялық-құқықтық және аксиологиялық аспектілері анықталған, оның генезисі мен заң үстемдігі доктринасымен арақатынасы көрсетілді; олардың құқықтық мемлекет идеяларын конституцияландырудағы, қоғамдық мүдделерді қамтамасыз етудегі және күшті құқықтық мемлекет құрудағы рөлі қарастырылады.

Жұмыста парламенттік егемендік доктринасы заңдарды қарау және Парламенттің құзыретін жүзеге асыру кезінде құқықтың үстемдігі принципін қамтамасыз ету процесіне қалай әсер ететіні көрсетілген.

Жұмыста 2022 жылғы конституциялық реформаларға және олардың Қазақстан Республикасындағы парламентаризмді одан әрі бекіту процесіне ықпалына және құқық үстемдігін қамтамасыз етуге маңызды орын беріледі.

Бұл талдау тек өзінің ғылыми зерттеулері негізінде ғана емес, сонымен қатар салыстырмалы зерттеу әдісін қолдана отырып жүргізіледі. Осыған байланысты, жұмыста шет елдердің талдауы ұсынылған, қазақстандық және шетелдік зерттеушілердің ғылыми пікірлері келтірілген.

Сондай-ақ, автор ғалымдардың кейбір көзқарастарын сыни тұрғыдан зерттейді, заңнамалық олқылықтарға қатысты өзінің субъективті пікірін айтады, Парламент пен оның Палаталарының тиімділігін арттыруға бағытталған бірқатар жаңа және ішінара жаңартылған ұсыныстарды тұжырымдайды, конституциялық заңнаманы талдайды, парламенттік бақылау нысандарын, парламенттік рәсімдердің сапасын, сондай-ақ конституциялық бақылау нысандарын, сонымен бірге, заң шығару процесіндегі Президент, Парламент, Үкімет және Конституциялық Соттың өзара іс-қимылының конституциялық тетіктерін жақсарту бойынша бірқатар нақты шараларды ұсынады.

Сондықтан да бірқатар ұсыныстар тек Парламенттің мәртебесіне ғана емес, сонымен бірге заң шығару процесінің қатысушылары ретінде аталған органдардың өкілеттіктеріне де қатысты. Бұл тәсіл докторантқа құқық үстемдігі күшті құқықтық мемлекет құрудың және конституционализм идеяларын жүзеге асырудың маңызды қағидасы мен іргелі негізі болып табылады, оны барлық мемлекеттік органдардың, саяси партиялардың және азаматтық қоғам институттарының осы процеске қатысуынсыз институттандыру мүмкін емес деген тұжырымды негіздеуге мүмкіндік берген.

Жұмыста парламенттік егемендік доктринасы динамикалық сипатқа ие бола отырып, саяси-құқықтық және мәдени сипаттағы көптеген факторларды көрсетеді, ал халықтық (парламенттік) егемендік принципін толыққанды қамтамасыз ету оны іске асырудың тиімді тетіктерін қалыптастыруды талап етеді деген қорытындыға келеді.

Сондай-ақ, диссертацияда Қазақстанда парламентаризмнің қалыптасу процесі Парламенттің Президентпен, Үкіметпен және конституциялық бақылау органымен өзара іс-қимылының конституциялық-құқықтық тетіктерін одан әрі жетілдіруге бағытталған саяси-құқықтық процестің барысы арқылы қаралатыны да назар аудартады.

Докторанттың пікірінше, таяу болашақта бұл тетік Конституциялық реттеудің мынадай салаларын қамтуы тиіс: 1) басқару нысанын түзету бағытында; 2) саяси партияларды, депутаттық фракциялар мен топтарды, сондай-ақ адам құқықтары жөніндегі уәкілді осы процеске тарта отырып, Конституциялық бақылауға қатысушылардың субъектілік құрамын кеңейту бағытында; 3) қазіргі заманғы парламентаризмнің аса маңызды институты және демократиялық басқару жүйесі ретінде парламенттік азшылық мүдделерінің құқықтық кепілдіктерін бекіте отырып, партиялық және сайлау заңнамасын одан әрі жетілдіру бағытында.

Жұмыста "парламенттік бақылау" ұғымына әртүрлі ғылыми көзқарастарды талдау негізінде бұл институт қазіргі конституционализмнің ажырамас бөлігі және күшті құқықтық мемлекет құрудың қажетті шарты ретінде қарастырылады.

Жұмыста «Парламенттік бақылау» анықтамасын зерттеудің негізінде диссертант келесідей қорытындыға келеді: біріншіден, парламенттік бақылау дуализммен сипатталады, саяси-құқықтық сипатқа ие, құқық үстемдігін қамтамасыз етудің және тежемелік тепе-теңдік жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады; екіншіден, оның қалыптасуы қазақстандық қоғамның құқықтық және саяси мәдениетінің деңгейін және қоғамның қазіргі конституционализм құндылықтарын қабылдау дәрежесін көрсететін эволюциялық (кезеңдік) процеспен байланысты; үшіншіден; парламенттік бақылау нысандарының тиімділігі шынайы көппартиялылықтың және сындарлы парламенттік оппозицияның болмауымен, сондай-ақ неғұрлым тиімді парламенттік рәсімдерді қолдануға (қабылдауға) қатысты мемлекеттегі саяси ерік-жігердің әлсіз деңгейімен байланысты.

Осылайша, Ә.О. Қасымбектің тұжырымдары мен ұсыныстарының өзектілігі мен ғылыми жаңалығы парламенттік құқық ғылымы үшін ғылыми да, практикалық та маңызға ие болып табылады.

Зерттеу нәтижелерінің сыннан өтуі жеткілікті түрде жүргізілген.

Ғылыми зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім министрлігінің ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетімен ұсынылған ғылыми баспаларда 3 мақала: Наука и жизнь Казахстана. Международный научный журнал №11/3, -2020. -С. 96-102., Наука и жизнь Казахстана. Международный научный журнал №1 (75) -2019. -169-175 беттер және Web of Science дерекқорына енетін журналдарда 1 мақала: Rivista di Studi sulla Sostenibilita Volume 2019, Issue 2, 2019, Pages 29-52. (процентиль -84), шетелдік журналда -1 мақала: Journal of Legal, Ethical and Regulatory Issues, 2019, 22(4), p.1-16. жарияланған. Сонымен қатар, диссертациялық зерттеудің жекелеген ережелері автордың екі халықаралық ғылыми-практикалық конференциядағы баяндамаларында көрініс тапқан.

Айта кету керек, диссертация өзіндік сипатқа ие, оның құрылымы бойынша ол логикалық тұрғыдан өзара байланысты, ішкі бірлікке ие, жария қорғауға ұсынылып отырған жаңа ғылыми нәтижелер мен ережелерді қамтиды және автордың конституциялық және парламенттік құқық ғылымына қосқан жеке үлесін көрсетеді.

Докторант Ә.О.Қасымбек зерттеу тақырыбы бойынша жаңа және күрделі міндеттерді дербес тұжырымдау және шешу дағдыларын толық меңгерген. Зерттеу жұмысын жазу барысында ол өзін ұйымдастырушылық және зерттеу қабілеттеріне ие жауапкершілігі мол және болашығынан мол үміт күттіретін ғылыми қызметкер ретінде көрсете білді.

Осылайша, Ә.О. Қасымбектің "6D030100-Құқықтану" мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Қазақстан Республикасының Парламентінің құқық үстемдігін қамтамасыз етудегі және күшті мемлекетті қалыптастырудағы рөлі» тақырыбындағы диссертациялық

жұмысы Қазақстанда диссертация жазу үшін белгіленген талаптарға сәйкес келеді және Каспий қоғамдық университетінде талқылауға содан кейін Қазақстан Республикасының диссертациялық кеңесінде қорғауға ұсынуға лайық деп санаймын.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
Ташкент мемлекеттік заң университеті
халықаралық құқық және адам құқықтары
кафедрасының профессоры, з.ғ.д,
Мухамеджанов Амонулла Зокирович

/қолтаңба/ Мөр

«22» 12 2023 жылы